ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 13 тамыз №7119-24-00-2/8477 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева
сот отырысының хатшысы Бисембаева А., қатысуымен ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ENBEK-AVTO service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Даутов А.Е. (2023 ж. 27 желтоқсан сенімхат №6)

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Тараптар арасында 2024 жылдың 9 қантарында №24/12 мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы жалпы сомасы 3 718 000 теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (бұдан әрі – шарт).

Шарттың 1.1. тармағына сәйкес Жауапкер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Қызмет (тер) көрсетуге міндеттенеді.

Шартқа техникалық ерекшеліктерге сәйкес өрт сөндіргіштердің бірінші партиясын қайта зарядтау мерзімі 2024 жылдың 1 сәуірден бастап 2024 жылдың 31 мамырға дейін белгіленген. Алайда Жауапкермен қызмет көрсетілмеген. 2024 жылдың 3 маусымда Талапкермен Жауапкерге шағым жіберілді, онда Талапкер 2024 жылдың 15 маусым дейінгі мерзімде өзіне

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 20.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 23.09.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 02.10.2024
7119-24-3-1/7790

қабылдаған шарттық міндеттемелерін толық орындауды талап етті. Алайда, Жауапкермен қызмет көрсетілмеген.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен жүгінген. Оның негізіне, жауапкер шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Соттың отырысында талапкердін өкілі шарттың талаптарына сәйкес өзінің міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер сотқа косылмады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекісінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Шарттың 1.1. тармағына сәйкес Жауапкер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Қызмет (тер) көрсетуге міндеттенеді.

Шартқа техникалық ерекшеліктерге сәйкес өрт сөндіргіштердің бірінші партиясын қайта зарядтау мерзімі 2024 жылдың 1 сәуірден бастап 2024 жылдың 31 мамырға дейін белгіленген. Алайда жауапкермен қызмет көрсетілмеген.

Сол себептен шарт 2024 жылғы 29 шілдеде бұзылды.

Жауапкердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 20.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 23.09.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 02.10.2024
7119-24-3-1/7790

сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «ENBEK-AVTO service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін туралы талабы – қанағаттандырылсын.

«ENBEK-AVTO service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ENBEK-AVTO service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 20.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 23.09.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 02.10.2024
7119-24-3-1/7790